

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

посетителей своим богатым культурным наследием, уникальными природными ландшафтами и гостеприимством.

Список использованных источников

1. Anthonisz A., Mason G. "Reinventing tourism: The Dubai phenomenon" // Worldwide Hospitality and Tourism Themes, 2019, с. 00-00.
2. Henderson J.C. "Tourism in Dubai: overcoming barriers to destination development" // International Journal of Tourism Research, 2006, Т. 8, № 2, с. 87-99.
3. Dubai's Department of Economy and Tourism (DET). Tourism Performance Report January-December 2023 [Электронный ресурс]. - URL: <https://www.dubaitourism.gov.ae/en/>, 2024.
4. Dubai's department of economy and tourism annual visitor report 2022 [Электронный ресурс]. - URL: <https://dubaidet.getbynder.com/m/1aa687c3e4ec2318/original/DET-Annual-Visitor-Report-2022-EN.pdf>, 2023
5. Moser Carsten R. "Tourism and tourist promotion in Spain" // Intereconomics, 1972, Т. 7, № 11, с. 346-349.
6. Lasarte M.P. "The evolution of the image of Spain as a tourist destination" // European Journal of Tourism, Hospitality and Recreation, 2012, Т. 3, с. 215-233.
7. Spanish Presidency of the Council of the European Union. Tourism, of great economic and social importance, on the European agenda with the impetus of the Spanish presidency [Электронный ресурс]. - URL: <https://spanish-presidency.consilium.europa.eu/en/news/tourism-european-agenda-spanish-presidency/>, 2023.
8. Instituto Nacional de Estadística. Tourist Movements at Borders (FRONTUR) December 2023 and year 2023 [Электронный ресурс]. - URL: <https://www.ine.es/dyngs/Prensa/en/FRONTUR1223.htm>, 2024.
9. Johns N., Mattsson J. "Destination development through entrepreneurship: a comparison of two cases" // Tourism Management, 2005, Т. 26, № 4, с. 605–616.
10. Hay Festival Annual Review 2023 [Электронный ресурс]. - Официальный сайт Hay Festival. - URL: <https://cloud.hayfestival.com/wales/reports/Hay-Festival-2023-Annual-Review.pdf>, 2023
11. Zhou Y.Z. "A Case Study on Service and Management of the Emperor Qinshihuang's Mausoleum Site Museum" // Journal of Service Science and Management, 2021, Т. 14, с. 576-584.
12. Xinhua. Terracotta Warriors museum sees record-high annual visitors [Электронный ресурс]. - URL: <https://english.news.cn/20231024/c40834998544473dbb764df0254fed6e/c.html>, 2023.

ОӘЖ 338.247

ЕЛДІҢ ИНДУСТРИАЛДЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНДА ХАЛЫҚТЫ ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тағабай Мағжан Талғатұлы

Tagabay_m@mail.ru

Л. Н. Гумилева атындағы ЕҰУ Мемлекеттік және жергілікті басқару
мамандығының 2 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Кудыс Е

Халықтың әртүрлі топтарын әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудегі жалпы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру тәсілдері мен ұйымдастыру маңызы ерекше орынды алады. Күнкөріс минимумы және кедейшілікпен күресу проблемасы және табысты бөлудің әділеттілігі халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу мәселесіне келіп тіреледі.

Осындай өзекті мәселеге байланысты елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөніндегі заңдық-құқықтық құжаттардың бар болуы шағын және орта

кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне жағымды әсерін тигізді. Оларға өндірістік-техникалық, қаржылық және инвестициялық тұрғыдан қолдау көрсету мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілерін банкілік несиелермен қамтамасыз ету кезінде кепіл ретінде қызмет атқаратын мемлекеттік кепіл қорлары және кәсіпкерлік құрылымдар мен өзін-өзі қаржыландыру мақсатында несие серіктестіктері құрылды. Сондай-ақ, шағын кәсіпкерлік субъектілерін білікті мамандармен және ғылыми-техникалық инновациялық жетістіктермен қамтамасыз ету және күштеп қаржы жинаушылықтан (парақорлықтан) қорғау бағытында бірқатар іс-шаралар жүйесі қабылданды.

Жалпы нарықтық экономика жағдайында бизнестің көрсетілген түрлерінің жиынтығы нарықтық экономиканың ерекше секторын жасайды және нарықтық экономиканың заңдар ықпалында бола тұрып, нарықтық экономиканың құрылымын қалыптастыруға тікелей қатысады. Мұндай жағдайда олар үйлесімділікте және экономиканың әр түрлі салаларына кіреді және мемлекеттік тұтынушылардың әр алуан сұрауларын толығырақ қанағаттандыру үшін өнімді ауқымды шығаруға және экономиканың дағдарыстағы жағдайын жеңуге және оның тұрақтануы мен келешекте берік түрде дамуына жәрдемдеседі.

Жалпы әлемдік тәжірибе көрсеткендей еліміздің экономикасы индустриалды инновациялық даму жағдайында шағын және орта кәсіпкерліктердің арасында өзара тығыз байланыс пайда болады және мұндай жағдайда олардың жаппай түрде қатысты тәуелсіз жұмыс істеулері ретінде көрініс табуы қажетті жағдай болуы керек. Мұндай тығыз байланыс, көбінесе тәжірибе көрсеткендей шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпорындар арасында нақты орын табады, сондай-ақ өндіріске тікелей немесе жанама түрде қызмет көрсету міндеттерін атқарады[1,2].

Көпшілік аймақтарда халықтың төмен тығыздығы шекаралардың ұзақтылығымен салыстырғанда мемлекет үшін тұрақсыз дамуының факторы болып табылады. Елдің территориясының басым бөлігі шаруашылыққа игеруге қиынға түсетіндігіне және Қазақстанның барлық аймақтарының экономикалық мәселесінің шешімін табу қиындығына қарамастан, дегенмен де тұрғындар санын белгілі бір деңгейде демеп тұру қажет, осылайша оның экономикалық мүмкіндіктерін арттыру яғни, бірінші кезекте ол еңбек нарығының мәселелері, сонымен қатар қазақстандықтардың мәдени қуатын жоғарлату, инфрақұрылымының әлсіздігімен қатар демографиялық диспропорциялардан болған аймақтар арасындағы жағымсыз дифференциацияны жою негізгі мәселеге айналуға. Ең бастысы жұмысбастылық пен еңбек нарығын мемлекеттік реттеу әдістері болып табылады.

Қазіргі таңда елімізде кәсіпкерліктің әр алуан түрлері өзара байланысу кезінде кәсіпкерлік қызметтің анағұрлым тиімдірек нәтижелеріне қол жеткізуде. Осыған орай мемлекет осы мақсаттарға қол жеткізу үшін тек шағын бизнестің ғана емес, сондай-ақ, осы мақсатқа бағытталған орта және ірі бизнестің дамуына да ықпал жасауы керек, себебі олар да, әсіресе, нақты бір нарықта пайда болу және өз жағдайларын күшейту сатысында мемлекеттік көмекке және мүдделерінің қорғалуын қажет етеді. Ал, шағын бизнес үшін алдын ала заңмен қарастырылған жеңілдіктер мен кепілдемелерге келетін болсақ, олар негізінен шағын кәсіпкерліктің тұрақты тиімді жұмыс істеуін алдын ала анықтауы қажет.

Жалпы тәжірибеде кәсіпкерлердің жұмыс істеу барысында олардың арасында белгілі іскерлік қатынастар пайда болады. Мұндай іскерлік қатынастар оларды реттеудегі мемлекет рөлінің тек шағын және орта бизнесті ғана емес, сондай-ақ, ірі кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын дайындау арқылы нарықтық экономикаға өту үрдісін жылдамдатады. Жалпы нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлердің мүдделерінің үйлесімділігі, әсіресе, ірі және шағын бизнес арасында ынтымақтастық жүйесін құру бойынша негізгі шараларды алдын ала қарастырған өте тиімді және жемісті болып келеді.

Экономикадағы ынтымақтастық жүйесі экономиканың қандай саласы болмасын шағын, орта және ірі кәсіпкерлікті кеңейту мен тиімді түрде дамыту үшін қосымша мүмкіндіктер тудырады және тиімділікке әкеледі, ал мұндай жағдай біздің еліміздің экономикалық дамуы үшін өте маңызды болып табылады.

Еліміздің экономикалық дамуында қазіргі таңда шағын бизнес кәсіпорындары

көптеген артықшылықтарға ие бола отырып, сауда саласында тез дамуда және оның үлесі 75%-78%, ал өнеркәсіп өндірісі саласындағы көрсеткіш шамамен 8%-9% құраса, ауыл шаруашылығындағы үлес салмағы басқа салалармен салыстырғанда сәл төмендеу ол негізінен 3%-4% құрап отыр. Нарық жағдайында ынтымақтастық жүйесінің орнатылуымен ірі бизнеспен айналысатын кәсіпорындар өздеріне тиімділік үшін көптеген өндіріс саласындағы шағын бизнестің дамуын ынталандыра түседі және еліміздегі кәсіпкерлік қызметпен айналысатын кәсіпорындардың құрылымдық қайта қалыптасуына жақсы ықпал жасайды. Жалпы айтқанда, олар өз нұсқаларын ұсынады, сонымен қатар қажетті жағдайда оған жеңілдетілген түрде несиелік береді, сонымен қатар шағын бизнес субъектілеріне консалтингтік қызметтерде көрсетеді және оларға ғимараттарды, өндірістік машиналарды, өндіріске қажетті құрал-жабдықтарды және т.б. жалға береді.

Елімізде шағын және орта бизнесті дамытуға жасалып жатқан көмектер және мемлекеттік қолдау кәсіпкерлердің міндетті түрде өзінің жағдайын тұрақтандыра түседі, сан жағынан өсіп, тұрақты түрде шаруашылықтың қай саласы болмасын тұрақты дамиды және өндірілетін тауарлар мен қызметтердің номенклатурасы мен ассортиментінің көбеюіне мүмкіндік туады. Ал, ірі бизнес кәсіпорындарының өкілдері жартылай фабрикаттар өнімдерін, өндірістің қосалқы бөлшектерін және жаңа технологиямен жасалған жекелеген салалар бойынша өнімдерін шағын кәсіпорындарға бере отырып өз өндірістерін кеңейтеді және жаңа өнім сапасын жетілдіру мүмкіндіктеріне ие болатыны белгілі жағдай.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қолдау және бәсекелестікті дамыту қоры ұсынған нұсқасы шағын бизнес орталықтарының мемлекеттік жүйесі арқылы жұмыс жүргізуді іске асырып отыр. Осындай мемлекеттік жүйенің нысандарына мыналар жатады: бизнесті дамытудың ұлттық орталығы, нарықтық инфрақұрылымдар элементтері, кәсіпкерлер бірлестігі, аймақтық шағын бизнес орталықтары (ШБО), сауда жүйесі, лизинг беру орталықтары және т.б. Нарықтық экономика жағдайында аталған жүйенің орталық буыны аймақтық орталықтар, яғни оларға бизнес-инкубаторлар, бизнес орталықтары және технопарктер үлгісінде жұмыс істеуі де мүмкін[2,3].

Еліміздің аймақтарында әсіресе облыс орталықтарында құрылған шағын және орта бизнес орталықтары қаржыдан қиналуда, бұл олардың орнығуына кедергі келтіруде. Сондықтан, жергілікті жерлерде кәсіпкерлікті қолдау кәсіпкерлердің аймақтық проблемаларын шешу үшін шағын индустрия саласында бірігуінің маңызы зор.

Шағын индустрия саласында бірігуде шағын және орта бизнесті қолдау көрсету мақсатында жалпы республикалық бағдарламалар ұсынылып оларды индустрия және сауда министрлігінің басқармалары өз міндетіне алуы қажет.

Жұмыс бастылық пен еңбек нарығын реттеудің бағыттары мен әдістері әртүрлі және ол мәселе елдегі нақты экономикалық жағдаймен және мәселенің өзектілігімен анықталады. Солардың ішіндегі кеңінен таралғандары: бұл негізінен жұмыс орындарын құру және ол әртүрлі жолдармен жүзеге асады яғни, келешекте қызмет салаларында, еңбекті көп қажет ететін сыйымды салалар мен өндірісте, жоғары мультипликативті әсері бар салаларда т.б. Сонымен қатар өзара байланысты салалық кешендердегі жаңа тиімді жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерді ынталандыру, сонымен қатар үйдегі жұмыс және т.б. салаларда жұмыспен қамту орталықтарымен жаңадан құрылған жұмыс орындарын қаржыландыру т.б. жатады.

Осы мақсатта салықтық, несиелік жеңілдіктер, мемлекеттік тапсырыстар, жылдамдатылған амортизация және т.б. құралдар пайдаланылады.

Елімізде шағын бизнесті дамыту және қолдау мақсатында жұмыс орындарының басым бөлігін, соның ішінде әлеуметті қорғалмаған тұрғындар бөлігінде шағын кәсіпкерліктің дамуы қамтамасыз ететіндігі белгілі, олардың келесідей нысаны болады яғни, жеке еңбектік қызмет, кооперативтер және фермерлік шаруашылықтар санын көбейту ең негізгі орынды алуы қажет[2,4].

Сонымен қатар халықты еңбекпен қамтуда маман кадрларды дайындау және қайта дайындау масштабтарын кеңейту қажет және ол бірден екі міндетті шешуге мүмкіндік береді:

жұмыс күшінің ұсынысын азайту және оларды экономикадағы болып жатқан өзгерістер жағдайында жұмыс істеуге дайындау т.б.

Нарық жағдайында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруда қарастырылған, яғни бұл бағыт жұмыссыздықтың аса күрделі түрлерімен қамтылған жұмыссыздарға арналған. Қоғамдық жұмыстар жоғары біліктілікті қажет етпейді, толық жұмыс күніне созылмайды, қалған уақытта жұмыс істеумен айналысуға болады.

Осы бағыттарды жүзеге асыру еңбек нарығының тура және тікелей әдістері арқылы мүмкін болады. Тура әдістерге келесілер жатады:

Заң-шығарушылық - құқықтық актілер мен нұсқаулар, олар әлеуметті-еңбектік қатынастарға қатысушылардың қызметін реттейтін, қаржыландырудың нақты көздері көрсетілген мемлекеттік бағдарламалар, жұмыс бастылықты қамтамсыз ететін сәйкес құрылымдарды ұйымдастыру, олардың нақты қызметтерін көрсету т.б.

Жанама құралдарға мемлекеттің салықтық, ақша-несиелік, амортизациялық саясаты жатады. Олардың барлығы бір уақытта жалпы экономикалық реттеу құралдары да болып табылады. Олар жұмыс бастылыққа жалпы экономикалық конъюнктура арқылы әсер етеді.

Жұмыссыздық бұл әлеуметті-экономикалық құбылыс, ол экономикалық белсенді тұрғындар бөлігінің еңбек нарығында қажетсіздігімен негізделеді.

Фрикционды жұмыссыздық бұрынғы жұмыс орындарын тастаған адамдар қозғалыс үстінде болуымен, жаңа жұмыс орнына көшуімен негізделеді, ол еңбек нарығының техникалық қызмет етуіндегі дәрменсіздіктен пайда болады, жұмыс орындары туралы ақпараттың жеткіліксіздігімен және басқа техникалық себептермен негізделеді.

Құрылымдық қандай да бір материалды ресурстың жеткіліксіздігімен байланысты, жасына, ұлтына, біліктілігіне және қандай да бір жекелік сипаттарға байланысты жұмысты таба алмау. Еңбек бөлінісінің жылдам өзгермелі жағдайында ұсыныс құрылымы еңбекке сұраныстың құрылымына сәйкес келмеуі де мүмкін.

Кең мағынада әлеуметтік қорғау жүйесі – өмір сүруді қамтамасыз ететін жағдайларды ұсынатын құқықтық, әлеуметтік- экономикалық кепілдер жүйесі: Сондықтан әлеуметтік қамсыздандырудың маңызды элементтеріне мемлекеттік қолдау бойынша мыналар жатады: әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік көмек, әлеуметтік қолдау, арнайы мемлекеттік жәрдем-ақылар, жұмысқа орналасуға көмек, бала туу бойынша жәрдем-ақы және жерлеуге жәрдем - ақы т.б.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Исабеков Б.Т. Кәсіпкерлікті өркендетудің индустриалды-инновациялық негіздері. Оқу құралы. Түркістан. «Тұран» баспасы, 2009.
2. Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы / Егемендік Қазақстан, 31 наурыз, 2006ж.
3. Друкер П. А. Задачи менеджмента в XXI веке. Учебное пособие. Пер. с англ. – М.: Издательский Дом «Вильямс», 2021
4. Сабилов О.С. Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики. – Астана: Елорда, 2021.

УДК 338.1

ПЕРСПЕКТИВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Ташимова Аяжан Талгатқызы

tashimova.0402@gmail.com

Студентка 4 курса ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель - К.Т. Ауезова

В современной экономике инновации становятся основополагающим фактором,